

Сарқан аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 қыркүйектегі "Сарқан ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" № 87-338 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Жетісу облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 қаңтардағы № 19-81 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 31 қаңтарда № 124-19 болып тіркелді

Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарқан аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 қыркүйектегі "Сарқан ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" №87-338 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 146777 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің 2-тармағындағы "150" саны "800" санымен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы

М. Разбеков